

2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 119 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 сәуірде № 4956 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27 баптарына сәйкес, Талас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Талас ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды белгіленген квотаға сәйкес жұмыспен қамтысын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Роман Әлімханұлы Қырықбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талас ауданының әкімі

Б. Казанбасов

Талас ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 19 сәуірдегі
№ 119 қаулысына қосымша

2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға

дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмысшылардың тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері					
		Пробация қызметінің есебінде тұрғандар		Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар		Ата-анасынан кәмелеттік : толғанға дейін айыры немесе ата-анасыны қамқорлығынсыз қалған, беру ұйымдарының түле болып табылатын жас қатарындағы азаматтар	
		Жұмысшылардың санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)	Жұмысшылардың санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)		
"Талас ауданы әкімдігінің " Игілік" көпсалалы кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	191	0,5 %	1	0,5 %	1	0,5 %	1
"Таза Талас" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	47	2,1 %	1	2,1 %	1	0	0